

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

**Қауым келеңсіздіктермен
кездеседі**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson**


Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Құдайдың Ұлы Иса өлімнен тірілгеннен кейін елу күн өткенде, Киелі Рух Оның ізбасарларында тұру үшін келді. Шәкірттер Құдай Әке, Құдай Ұл (Иса) және Құдай Киелі Рух қалайша бір Құдай болуы мүмкін екенін түсінбесе де, олар Құдайдың өздерімен бірге болғанына бақытты еді. Құдай елшілерге Иса туралы басқаларға айтуға көмектесе отырып, керемет істер істеді.



Исаға сенген адамдар жарлыларға қамқорлық жасау үшін өздерінде барларымен бөлісті. Бірақ Анани мен Зэпира атты ерлі-зайыптылар шыншыл болмады. Олар өздерінің жерлерін сатып, ақшаны түгелімен елшілерге әкеп бергендей түр көрсетті. Ал біраз ақшаны өздеріне жымқырып алып қалды.




3

«Сенің жүрегіңді шайтан неге Киелі Рухқа қарсы өтірікпен толтырды...?» –деп сұрады Петір Ананиден. –Сен адамдарды емес, Құдайды алдадың». Сол кезде Анани жерге құлап түсіп жан тапсырды. Ал жас жігіттер оны орап алып кетті де жерледі.




4

Біраз уақыттан кейін Зэпира келді, ол өзінің күйеуінің қайтыс болғанын білмейтін. Ол да ақша туралы өтірік айтты, сонда оған да солай болды. Бұл оқиғаны естігендердің бәрін үрей биледі.



5

Құдай Киелі Рух елшілер арқылы көптеген белгілер мен кереметтерді іске асырып жатты. Мысалы, ауру адамдардың үстіне Петірдің көлеңкесі түскенде, олар сауықты.




6

Сол кез Құдайдың қатысуына куәлік еткен ұлы кереметтердің уақыты болды. Біртіндеп Исаға сенген адамдар саны көбейе берді. Ал бұл Бас діни қызметкерді қатты ашуландырды. Ол елшілерді түрмеге отырғызды!



7

Бірақ Иеміздің періштесі түнде түрменің есіктерін ашып оларды алып шықты да: «Барыңдар да, ғибадатханаға барып, адамдарға шынайы



өміртуралы барлықсөздерді айтыңдар. Елшілер шығып, Иса туралы уағыздай бастады. Танертең Бас діни қызметкер түрменің бос екенін анықтады.

8

Ол ақырында елшілерді тауып алған кезде, оларға ұрысты. «Біз саған осы Есіммен үйретпеуге қатаң бұйырған жоқ па едік?» «Біз адамдарға емес, Құдайға бағынуға тиіспіз», –деп жауап берді Петір мен басқа елшілер. Бас діни қызметкер ашуланғаны сонша, елшілерді өлтіргісі келген.

Оның орнына ол оларды сабап қоя беруді бұйырды.



9

Өздерінің тәндерінің ауырғандарына қарамастан, елшілер Құдайға бағынып, Иса туралы уағыздауды жалғастырды.



10

Бірде Степан есімді адам тұтқындалды. Степан Иса Иемізді сүйетін. Киелі Рух оны басқаларға Иса туралы айтуға пайдаланды. Кейбір адамдар Степан Құдайға қарсы сөйледі деп өтірік айтты. Қолдан

жасалған соттан кейін Степанды Исаға сенімі үшін таспен атып өлтірді.



11

Өлер алдында Киелі Рухқа кенелген Степан аспанға қарап, Құдайдың даңқы мен Құдайдың оң жағында тұрған Исаны көрді.

Степан Құдайға жалбарынып: «Иса Ием, менің рухымды қабылдай гөр», –деп айтып жатқанда, тобыр оған тасты жаңбырша жаудырды.



12

Содан кейін айқыштағы Иса сияқты осы ержүрек адам өзінің соңғы демін пайдаланып, Құдайдан өзін өлтірушілерді кешіруді сұрап сиынды.



13

Степанның өлімі қудалаудың жаңа толқынына жол ашып берді. Степанды өлтірушілерге көмектескен Саул есімді жас жігіт өзі таба алған мәсіхшілердің бәрін тұтқындады. Олардың көпшілігі өз үйлерінен қашып, бүкіл Яһудея мен Самарияға тарап кетті.

Иерусалимде тек елшілер ғана қалды.



14

Олардың жаулары көздерін құртуға тырысса да,
бытырап кеткендер жан-жаққа Иса туралы Ізгі
хабарды уағыздай жүрді. Исаның ізбасарларын
ештеңе тоқтата алмады, өйткені
Киелі Рух оларда тұрып,
олар арқылы әрекет етті.



15

Қауым келенсіздіктермен кездеседі

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Елшілердің істері 5-7

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

16

СОҢЫ

56



60

17

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18